

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы N 25/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 сәуірде N 2641 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/2 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінде қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл

аудандық мәслихаттың

кезектен тыс

XXV сессиясының төрағасы

Жамбыл

аудандық мәслихаттың

хатшысы

A. Сұраганов

Б. Мұсабаев

Жамбыл ауданы мәслихатының 2014

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінің
бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің
сандақ құрамы**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 05.06.2018 № 23/3 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Елді мекенниң атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің саны
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінің Қайранкөл ауылының тұрғындарына	5
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінің Новое ауылының тұрғындарына	1
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінің Украинское ауылының тұрғындарына	4

Жамбыл ауданы мәслихатының
2014 жылғы 28 ақпандагы № 25/6
шешімімен
бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінде
бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидасы**

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заны 39-3-бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Қайранкөл ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Қайранкөл ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиын Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округтің әкімі шақырады. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынның өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округінде бөлек жиынды өткізуі Жамбыл ауданының Қайранкөл ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды Қайранкөл ауылдық округінің ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Қайранкөл ауылдық округінің әкімімен немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Қайранкөл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынның қатысу үшін Қайранкөл ауылдық округі ауылдары өкілдерінің кандидатураларын Жамбыл ауданы мәслихатының бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Қайранкөл ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.